

"Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Бесарық ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 14 шілдедегі № 26 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Бесарық ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 16 қыркүйектегі № 31 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңдарына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жаңақорған аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің 2015 жылғы 14 қыркүйектегі № 165 ұсынысы сәйкес Бесарық ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Бесарық ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 14 шілдедегі № 26 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2015 жылдың 17 шілдеде № 5062 болып тіркелген, 2015 жылдың 25 шілдеде № 57 (7875) "Жаңақорған тынысы" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Бесарық ауылдық
округінің әкімі*

Ә. Абдуллаев